

6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін дайындалған «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту» тақырыбындағы Умирбекова Акерке Нурланбековнаның диссертациясына рецензенттің

ШҚІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы Ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және Ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Бүгінгі білім алушыларды келешектің еншісінде тек білім беруші ғана емес, өз шәкірттерінің әлеуметтік-тұлғалық саладағы жетістіктеріне де үлесін қоса алатын, бағыт-бағдар беретін құзыреті бар, кәсіби кемелденген ұстаз болуына жағдай жасау жоғары білім беру жүйесінің өзекті мәселесі болып отыр. Осы орайда, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту мәселесін қазіргі қоғам сұранысына сәйкестендіре зерттелген Умирбекова Акерке Нурланбековнаның ғылыми зерттеу жұмысының айтарлықтай маңызы бар.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Халыққа Жолдауында білім берудің жаңа сапасы жоғары білім беру ісінде жасанды интеллектпен және «үлкен деректермен» жұмыс істеу үшін ақпараттық технологиялар бойынша білім алған түлектер санын көбейту керектігін көрсетуі, бәсекеге қабілетті ұлт, ұлттық сана сезімі мол білікті маман иесі болу үшін, қарқынды цифрлық өсу заманында жеке дамуға қажетті ақпаратты саналы түрде іріктей алуына басымдық таныту бұл еңбектің құндылығын арттырады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 3-бабы бойынша білім беру саясаты қағидаларының бірінде: «...әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігінің болуы аса маңызды екені көрсетілген. Жоғары білімнің мәні бойынша жоғары оқу орындарының басты мақсаты ретінде реформа жағдайында өзіндік өмірлік және кәсіби траекториясын таба алатын; білгеннен іс-әрекетке көше алатын, өзіндік ішкі мүмкіндіктерін мейлінше кең дәрежеде таныта алатын мамандарды тәрбиелеп шығару маңыздылығы, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытуда тірек болуға толықтай негіз бар деп айта аламыз.

Диссертант өз жұмысының теориялық-әдіснамалық негізін анықтауда іргелі зерттеушілердің ғылыми еңбектеріне талдау жасаған. Аталған еңбектің қолданбалық негізі тәжірибеде көрініс тапқан.

Сонымен айтылып өткен негіздемелердің барлығы Умирбекова Акерке Нурланбековнаның «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту» тақырыбында жазылған ғылыми-зерттеу жұмысы қоғамның сұранысынан, заман талабынан туындаған дер кезінде орындалған көкейкестілігі жоғары еңбек деп айтуға тұрарлық.

2. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.

Бірінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығы негізін құраушы құндылығы.

Екінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы - «зияттылық», «әлеуметтік зияттылық» ұғымдары қарастырылған шетелдік, отандық ғылыми еңбектерде талдау жасай отырып философиялық, психологиялық және педагогикалық негіздері зерттеліп, құрылымы анықталып, ұғымдарының мәні нақтыланған

Үшінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы - болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі және оның құрылымдары айқындалып, оның мазмұнына сәйкес компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері, деңгейлері анықталып бір бағытта іске асушы біртұтас жүйесі.

Төртінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы - болашақ мұғалімдердің әлеуметтік зияттылығын дамытуға бағытталған әдістеме «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту» атты элективті курсы мен «Педагогикалық шеберлік» клубының ережесі мен бағдарламасы жасалған және тәжірибеде оның тиімділігін анықтаған.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағидасы), тұжырымдары мен қорытындысының жаңалық дәрежесі.

Бірінші ғылыми нәтиже жаңа. Себебі, «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту» тақырыбын анықтау және оған тірек болар ғылыми еңбектердегі әлеуметтік зияттылыққа қатысты тұжырымдардың сәйкестігі, уақыт өзгерістері мен заман талабына сай талдануы, қорытынды жасалған.

Екінші ғылыми нәтиже жаңа. Себебі, философиялық, психологиялық, педагогикалық ғылыми еңбектерге талдау жасау негізінде «зияттылық», «әлеуметтік зияттылық» ұғымдарының мазмұны тереңдетілген және мәні нақтыланған.

Үшінші ғылыми нәтиже жаңа. Себебі, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту құрылымдық-мазмұндық моделі құрылған, оның мотивациялық, мазмұндық және рефлексивтік-бағалаушылық сынды компоненттері анықталған, мазмұнына сәйкес өлшемдері мен көрсеткіштері, деңгейлері көрсетілген.

Төртінші ғылыми нәтиже жаңа. Себебі, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың ғылыми негізделген әдістемесі («Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту» атты элективті курсы мен «Педагогикалық шеберлік» клубының ережесі

мен бағдарламасы) жасалынған, олардың тиімділігі тәжірибеге енгізу арқылы анықталған.

4. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық және қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.

А.Умирбекованың зерттеу барысында қол жеткізген осы ғылыми нәтижелері ішкі бірлікпен, әрбір теориялық тұжырымдарының өзара байланыстылығымен және олардың тәжірибелік-экспериментте тексерілуімен, қорытындысымен және автордың бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі саласына енгізген жаңалығымен сипатталады.

«Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту» тақырыбындағы зерттеу еңбегі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ЖОО-да оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздерін айқындауға ықпал етеді. Зерттеу жұмысы нәтижелерін бастауыш білім беруде, педагогика теориясында, осы салада мамандардың біліктілігін көтеру институттарының тәжірибесінде сенімді негізде пайдалануға болады.

5. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануына растама.

Диссертациялық жұмыс тақырыбы бойынша барлығы 12 ғылыми жұмыс жарық көрген. Оның ішінде 7 мақала - ҚР БҒМ Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 1 мақала Scopus компаниясының ақпараттық базасының деректері бойынша нөлдік емес импакт-факторы бар халықаралық ғылыми журналында, 4 мақала халықаралық конференциялар материалдары жинақтарында жарияланған. А.Н. Умирбекованың жүргізген ғылыми зерттеулері диссертацияның мақсаты мен міндеттеріне сәйкес және қол жеткізген мәліметтері шынайы.

6. Диссертацияның мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.

Диссертация мазмұнында, рәсімделуінде мынадай кемшіліктер кездеседі:

1. Бастауыш оқыту саласында негізгі құзыреттілік пен заманауи ғылым деңгейіндегі бастауыш мектептегі педагогикалық үрдісті ұйымдастыру мәселесінің ғылыми-теориялық негізі мамандыққа сәйкес нақтырақ ашылса орынды болар еді.

2. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудағы базалық пәндер мен элективтік курстардың кәсіби құзыреттілікке ықпалын мазмұндау арқылы көрсете түссе тиімді болар еді.

3. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытуда оның өлшемдері мен көрсеткіштерін тәжірибелік-эксперименттік жұмыста пайдаланудың қадамдары айқын көрініс табуы жөн еді.

7. Тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды.

Сонымен, Умирбекова Аерке Нурланбековнаның «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту» тақырыбында жазылған диссертациясының дербестігі айқындалған, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы бар, орындалуы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарына сай келетін, аяқталған жұмыс деп есептеп, оның 6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Ресми рецензент:

«Тұран-Астана» университетінің

«Психология және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер»

кафедрасының меңгерушісі,

п.ғ.д., профессор

Нағымжанова Қаракат Мұқашқызы

У. Умирбекова
А. Умирбеков
А. Умирбеков

Tha